Пайдалану бойынша нұсқаулық

TWS гарнитура
Moon M2

Fiero

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсынымдар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойып, өнімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Fiero TWS гарнитурасы Bluetooth сымсыз байланыс технологиясымен жабдықталған және музыка тыңдауға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны шамадан тыс жоғары/төмен температураға, шаңға, ылғалдылыққа, тікелей күн сәулесіне, қатты дірілге, сондай-ақ күшті электромагниттік сәулеленуге ұшыратпаңыз.
- Өндіруші құрылғының үшінші тарап әзірлеушілерінің кез-келген қолданбаларымен толық үйлесімділігіне және осы қолданбалардың дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік бермейді.
- Құрылғының биіктіктен құлап кетуіне және қатты бетке соғылуына жол бермеңіз.

- Құлаққапты тым жоғары дыбыс деңгейінде ұзақ пайдалану есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
- Батарея екі-үш толық зарядтау және зарядының бітуі циклінен кейін максималды жұмысқа қабілеттікке жететінін есте сақтаңыз.
- Тек өндіруші мақұлдаған зарядтау құрылғылары мен керек-жарақтарды пайдаланыңыз. Басқа керек-жарақтарды пайдалану кепілдікті бұзады және қауіпті болуы мүмкін
- Өндіруші тұтынушыға алдын ала ескертусіз құрылғының сипаттамаларына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Кез-келген ықтимал ыңғайсыздық үшін кешірім сұраймыз.
- Құрылғының корпусын тазалау үшін жұмсақ мақта матаны пайдаланыңыз. Химиялық заттарды қолданбаңыз, олар құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Бұл құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.


Техникалық сипаттамалар

- Сауда белгісі: Fiero.
- Үлгісі: M2.
- Bluetooth нұсқасы: 5.2.
- Жұмыс жиілік диапазоны: 2402–2480 МГц.
- Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.15.
- Трансмиттердің қуаты: <4 дБм.
- Әрекет радиусы: 10 м.
- Динамиктердің жиілік диапазоны: 20 Гц – 20 кГц.
- Мембрананың диаметрі: 10 мм.
- Қарсылық: 32 Ом.
- Сезімталдық: 102 дБ.
- Кейс батареясы: Li-Pol, 350 мА·сағ.
- Құлаққап батареясы: Li-Pol, 43 мА·сағ.
- Зарядтау кернеуі: 5 В.
- Зарядтау қосқышы: Type-C.
- Кейсті зарядтау уақыты: 2 сағат.
- Құлаққаптарды зарядтау уақыты: 2 сағаттан аз.
- Жұмыс уақыты: шамамен 8 сағат.

Жинақталым

- Құлаққаптар.
- Зарядтау кейсі.
- Амбушюралар.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.
- Type-C кәбілі.

Құрылғы схемасы



1. Түйіспе.
2. Кейс индикаторы.
3. Қосымша микрофон.
4. Көп функциялы батырма.
5. Негізгі микрофон.
6. Шуды азайту жүйесінің микрофоны.

Құрылғыны пайдалану

Бірінші жұптастыру

1. Бірінші жұптастыру алдында екі құлаққапты да кейстен алыңыз, зарядтау түйіспелерін жауып тұрған қорғаныс стикерін алып тастаңыз, содан кейін оларды кері салыңыз (бұл оларды белсендіру үшін қажет).
2. Құлаққаптарды алыңыз, содан кейін құрылғыңыздағы **Bluetooth** баптауларын ашып, сәтті жұптастыру үшін **M2** құрылғысын таңдаңыз.

Зауыттық баптауларды қалпына келтіру

1. Құлаққаптарды кейске салыңыз, содан кейін құлаққаптардың көп функциялы батырмасын 5 рет басыңыз.
2. Құлаққап индикаторы ақ түспен 5 рет жыпылықтайды, содан кейін құрылғы зауыттық баптауларды қалпына келтіруді аяқтайды.

Құлаққапты зарядтау

Зарядтауды бастау үшін құлаққаптарды кейске салыңыз.

- Зарядтау кезінде индикатор қызыл түспен жанады.
- Зарядтау аяқталғаннан кейін индикатор ақ түспен жанып, содан кейін сөнеді.

Кейсті зарядтау

Зарядтауды бастау үшін Type-C кәбілін кейстің зарядтау портына қосыңыз.

- Зарядтау кезінде индикатор ақ түспен жыпылықтайды.
- Зарядтау аяқталғаннан кейін индикатор ақ түспен жанады.

Кейс индикаторы

- Аккумулятордың жоғары заряд деңгейі: индикатор 4 секунд бойы қызыл түспен жанады
- Аккумулятордың төмен заряд деңгейі: индикатор 4 секунд бойы қызыл түспен жыпылықтайды.

Функциялар

- Қосу: кейсті ашып, құлаққаптарды шығарыңыз.
- Өшіру: құлаққаптарды кейске салыңыз.
- Қоңырауды қабылдау/аяқтау: көп функциялы батырманы екі рет басыңыз.
- Қоңырауды қабылдамау: көп функциялы батырманы 1,5 секунд басып тұрыңыз.
- Келесі ән: оң құлаққаптың көп функциялы батырмасын үш рет басыңыз.
- Дауыстық көмекші: сол құлаққаптың көп функциялы батырмасын үш рет басыңыз.
- Ойнату/кідірту: көп функциялы батырманы екі рет басыңыз.
- Ойын режимі: сол құлаққаптың көп функциялы батырмасын 1,5 секунд басып тұрыңыз.
- Белсенді шуды азайту: белсенді шуды азайтуды қосу/өшіру немесе мөлдір режимді белсендіру үшін оң құлаққаптың көп функциялы батырмасын 1,5 секунд басып тұрыңыз.

Ықтимал мәселелер және оларды шешу

Мәселе	Шешім
Дыбыс тек бір құлақ-қапта.	Құлаққаптарды қайта қосыңыз. Егер мәселе шешілмесе, зауыттық баптауларды қалпына келтіріңіз.
Құрылғы телефонға қосыл-майды.	Құлаққаптармен жұптастыруды құрылғы баптауларынан жойып, содан кейін қайтадан жұптастырыңыз.
Дыбыс жоқ.	Bluetooth баптауларында дыбысты өшіріп, содан кейін қайта қосыңыз. Егер дыбыстың болмауы мәселесі әлі де сақталса, құлаққаптарды телефонға қайта қосыңыз.
Бейнеде/ ойында кідіріс.	Кідірістер көптеген факторларға, мысалы, пайдалану жағдайларына, интернет-қосылымға, телефон кодектеріне және т.б. байланысты болуы мүмкін. Құрылғыны қайта қосып көріңіз. Егер мәселе сақталса — қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.
Дыбыс қатып қалады.	

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыға ешқандай орнату немесе тұрақты бекіту қажет емес.
- Құрылғыны өндірушіде және тұтынушыда қаптамада, жылытылатын үй-жайларда, ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда сақтау қажет. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл, сілті буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы ұқыпты қарауды талап етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті пунктке тапсырылуға жатады.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну керек.

Қосымша ақпарат

Manufacturer: Dongguan Hele Electronics Co., LTD. 325 Yuehui Road, Daojiao Town, Dongguan, Guangdong, China.
Өндіруші: Дунгуань Хэлэ Электроникс Ко., Лтд. Юэхуэй тас жолы, 325, Даоцзяо, Дунгуань қ., Гуандун провинциясы, Қытай.
Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жинақталымы алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндірілген күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2

Кепілдік талоны

SN: _____
Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші құрылғының бүкіл кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.
Кепілдік қызмет көрсету кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған себептермен істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды, бұл ретте өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылуы тиіс. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі. Кепілдік міндеттемелер мен тегін қызмет көрсету АКБ-ға және өнім жинақталымына кіретін өзге де керек-жарақтарға, егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеумен байланысты болмаса, қолданылмайды.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
https://www.dns-shop.kz/service-center/


Fiero